

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 қазандағы № 801 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Ұлттық жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жарты жылда бір рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне Ұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жылына екі рет, 30 шілдеге және 30 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Ұлттық жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 25 қазандағы
№ 801 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.

Р/с №	Іс-шара	Орындау мерзімі	Аяқталу нысаны	Ж а у а п т ы орындаушылар	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу

1. Ұйымдық-әдістемелік іс-шаралар

1.	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын мерекелеу жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және бекіту	2019 жылғы желтоқсан	іс-шаралар жоспарлары	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	талап етілмейді
----	--	----------------------	-----------------------	--	---	-----------------

кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
2.	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған төсбелгі дайындау және шығару	2020 жылғы II тоқсан	төсбелгі	ПБ (келісу бойынша), КК (келісу бойынша)	0 0 1 "Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бюджеттік бағдарламасының 1 0 0 "Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	республикалық бюджет

3.	"Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл" мерейтойлық медалін тағайындауды және жасауды қамтамасыз ету	2020 жылғы II тоқсан	мерейтойлық медальдар	ПБ (келісу бойынша), КК (келісу бойынша), СІМ	0 0 1 "Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" бюджеттік бағдарламасының 1 0 0 "Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер" кіші бағдарламасы бойынша 57 180 мың теңге	республикалық бюджет
4.	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған пошта маркаларын шығару	2020 жылғы I тоқсан	пошта маркалары	ЦДИАӨМ, "Қазпошта" АҚ (келісу бойынша), КК (келісу бойынша)	"Қазпошта" АҚ меншікті қаражаты есебінен	бюджеттен тыс қаражат есебінен
5.	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған мерейтойлық монеталар шығару	2020 жылы I тоқсан	мерейтойлық монеталар	ҰБ (келісу бойынша), КК (келісу бойынша)	Ұлттық Банктің меншікті қаражаты есебінен	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Қазақстан Республикасы Конституциясының			облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы		

6.	25 жылдығына арналған кәдесый өнімін шығаруды және таратуды қамтамасыз ету	2020 жылғы бірінші жартыжылдық	кәдесый өнімі	және Шымкент қалаларының әкімдіктері	көзделген қаражат шегінде	жергілікті бюджеттер
2. Ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары						
7.	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын мерекелеуді жария ету жөніндегі республикалық медиа-жоспарды әзірлеу	2019 жылғы желтоқсан	медиа-жоспар	АҚДМ, КК (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	талап етілмейді
8.	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын мерекелеу шеңберінде өткізілетін іс-шараларға ақпараттық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету	2020 жыл бойы	БАҚ-та іс-шараларды жария ету	АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	талап етілмейді
9.	Қазақстан Республикасы Конституцияның 25 жылдығын мерекелеуге арналған материалдарды жетекші отандық БАҚ-та орналастыру	2020 жыл бойы	БАҚ-та материалдар жариялау	АҚДМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	003 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	республикалық бюджет
10.	Республикалық және өңірлік деңгейлердегі электрондық БАҚ-та одан әрі ротациялай отырып, 25 жыл ішінде адамның конституциялық құқықтарын дамытуға арналған деректі фильмдер сериясын әзірлеу	2020 жыл бойы	деректі фильмдер	АҚДМ, КК (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), БП (келісу бойынша)	003 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	республикалық бюджет
11.	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.					
	Шетелдік жетекші БАҚ-та Қазақстан Республикасы				019 "Ақпараттық-имидждік саясаттың іске	

12	Конституциясының 25 жылдығына арналған тапсырыспен материалдарды орналастыру	2020 жыл бойы	БАҚ - та материалдар жариялау	СІМ	асырылуын қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	республикалық бюджет
3. Ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу іс-шаралары						
13	Жоғары оқу орындарының заң факультеттерінің студенттері арасында Қазақстан Республикасындағы конституциялық даму мәселелеріне арналған үздік жұмысқа конкурс өткізу	2020 жылғы бірінші жартыжылдық	конкурс	БҒМ, КК (келісу бойынша)	-	талап етілмейді
14	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған ғылыми мақала шығару	2020 жылғы тамыз	мақала	Әділетмині	-	талап етілмейді
15	Заңнама және құқықтық ақпарат институтының базасында онлайн-форматта Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция өткізу	2020 жылғы тамыз	конференция	Әділетмині	-	талап етілмейді
16	Судьялардың, Конституциялық Кеңес мүшелерінің және құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен жоғары және жалпы орта білім беретін оқу орындарында және өзге де ұйымдарда дәрістер мен "ашық сабақтар", оның ішінде онлайн-форматта ұйымдастыру және өткізу	2020 жыл бойы	АҚДМ-ға ақпарат	БҒМ, КК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), ПМ	-	талап етілмейді

17	Қазақстан Республикасы Конституциясының мерейтойлық данасын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде иллюстрациялап басып шығару	2020 жылғы бірінші жартыжылдық	кітап шығару	МСМ, КК (келісу бойынша)	0 3 3 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы 108 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату" кіші бағдарламасы бойынша 15 540 мың теңге	республикалық бюджет
18	Құқықтық мемлекет қағидаттарын бекіту жолындағы Қазақстан Республикасының жетістіктері туралы кітап шығару (шетелдік әріптестердің пікірлері)	2020 жылғы тамыз	кітап шығару	МСМ, СІМ, КК (келісу бойынша)	0 3 3 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы 108 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату" кіші бағдарламасы бойынша 2 160 мың теңге	республикалық бюджет
	Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылау институтына		кітап шығару	МСМ, КК (келісу	0 3 3 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін	

19	арналған монографияны басып шығару	2020 жылғы бірінші жартыжылдық		бойынша)	арттыру" бюджеттік бағдарламасы 108 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату" кіші бағдарламасы бойынша 14 576, 25 мың теңге	республикалық бюджет
20	Қазақстан Республикасы Конституциясының энциклопедиялық анықтамалығын шығару	2020 жылғы бірінші жартыжылдық	анықтамалық шығару	МСМ, КК (келісу бойынша)	0 3 3 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы 108 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату" кіші бағдарламасы бойынша 12 041,25 мың теңге	республикалық бюджет
21	"Тәуелсіз Қазақстанның конституциялық құрылысындағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының рөлі" кітабын шығару	2020 жылғы бірінші жартыжылдық	кітап шығару	МСМ, КК (келісу бойынша)	0 3 3 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы 108 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату" кіші бағдарламасы бойынша 2 160 мың теңге	республикалық бюджет

22	"Конституция – халықтың мәдени құндылығы ретінде" кітабын шығару	2020 жылғы бірінші жартыжылдық	кітап шығару	МСМ, КК (келісу бойынша)	0 3 3 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы 108 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату" кіші бағдарламасы бойынша 2 160 мың теңге	республикалық бюджет
23	Құқықтанушылардың ғылыми қоғамдастықтың, жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізу	2020 жылғы бірінші жартыжылдық	АҚДМ-ге ақпарат	БҒМ, КК (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері		талап етілмейді
24	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.					
25	"Құқықтық минимум" тақырыбына әдістемелік құрал дайындау	2020 жылғы IV тоқсан	әдістемелік құрал	АҚДМ, "Рухани жаңғыру" қазақстандық қоғамдық даму институты (келісу бойынша)	0 0 1 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 124 "Қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы іс-шараларды өткізу" кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	республикалық бюджет
4. Қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар						

26	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған мерекелік концертті онлайн-форматта ұйымдастыру	2020 жылғы тамыз	концерт	МСМ, КК (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, әкімдіктері	0 3 3 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы 105 "Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу" кіші бағдарламасы бойынша 137 177 мың теңге	республикалық бюджет
27	Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын әзірлеуге және конституциялық құндылықтарды іске асыруға үлес қосқан отандық және шетелдік қайраткерлерді мемлекеттік наградалармен және мерекелік медальдар наградтауды ұйымдастыру	2020 жылғы тамыз	наградтау	ПӘ (келісу бойынша), ПІБ (келісу бойынша), КК (келісу бойынша), СІМ, Әділетмині	-	талап етілмейді
28	Нұр-Сұлтан қаласында ел басшылығының, беделді халықаралық ұйымдар, басқа елдердің конституциялық әділет органдары мен ғылыми қауым өкілдерінің қатысуымен онлайн-форматта XXI ғасырдың Конституциясы – құқықтың үстемдігі, адамның құндылығы және мемлекеттің тиімділігі"	2020 жылғы тамыз	АҚДМ-ға ақпарат	КК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), СІМ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	006 "Өкілдік шығыстар" бюджеттік бағдарламасы бойынша 33 765 мың теңге	

	тақырыбында халықаралық конференция өткізу				республикалық бюджет
29	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.				
30	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні 16 жасқа толатын азаматтарға жеке куәліктерді, паспорттарды салтанатты рәсімі тапсырудың жалпыұлттық акциясын ұйымдастыру	2020 жылғы тамыз	акция	облыстардың , Нұр-Сұлтан , Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	талап етілмейді
31	Қазақстан Республикасының Конституциясына арналған "Ата Заң аптасын" ұйымдастыру	2020 жылғы тамыз	дөңгелек үстелдер , вебинарлар, тегін заң консультациялары , кездесулер, қайырымдылық акциялары	КК (келісу бойынша), АҚДМ, облыстардың , Нұр-Сұлтан , Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, " Атамекен" ҰКП	талап етілмейді
32	Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған республиканың жалпы білім беру мектептері оқушылары арасында сурет салудан қашықтықтан республикалық интернет-конкурс өткізу және оны ҚР ҒБМ-нің www.ziyatker сайтында жариялау	2020 жылғы бірінші жартыжылдық	конкурс	БҒМ, облыстардың , Нұр-Сұлтан , Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	талап етілмейді

кестенің жалғасы

Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу

1. Ұйымдық-әдістемелік іс-шаралар

33	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын мерекелеу жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және бекіту	2019 жылғы желтоқсан	іс-шаралар жоспарлары	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, әкімдіктері	-	талап етілмейді
34	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығы мерейтойлық эмблемасының (логотипінің) нобайын әзірлеу және бекіту	2019 жылғы (IV тоқсан	мерейтойлық эмблеманың нобайы	"Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), АҚДМ	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	республикалық бюджет
35	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған мерейтойлық медальдар әзірлеу және шығару	2020 жылғы I тоқсан	мерейтойлық медальдар	"Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша 15 000 мың теңге	республикалық бюджет
36	"Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл" естелік төсбелгісін шығару	2020 жылғы I тоқсан	төсбелгі	"Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша 15 000 мың теңге	республикалық бюджет
37	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған көрнекі өнімдерің нобайларын әзірлеуді және шығаруды қамтамасыз ету	2020 жылғы I тоқсан	көрнекі өнім құралдарының нобайлары	"Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша 15 000 мың теңге	республикалық бюджет
38	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған мерейтойлық марка жасау	2020 жылғы I тоқсан	мерейтойлық марка	ЦДИАӨМ, "Қазпошта" АҚ (келісу бойынша), "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	"Қазпошта" АҚ меншікті қаражаты есебінен	бюджеттен тыс қаражат есебінен
	Қазақстан халқы Ассамблеясының				Ұлттық Банктің меншікті	

39	25 жылдығына арналған мерейтойлық монеталар шығару	2020 жылғы I тоқсан	мерейтойлық монеталар	ҰБ (келісу бойынша)	қаражаты есебінен	бюджеттен тыс қаражат есебінен
40	Қазақстандық этнос өкілдері – авторларының кітаптар сериясын шығаруды қамтамасыз ету	2020 жыл бойы	кітаптар шығару	МСМ, БҒМ	033 "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы 108 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату" кіші бағдарламасы бойынша 69 300 мың теңге	республикалық бюджет
41	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.					
42	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының кафедралары қауымдастығының кеңейтілген отырысын онлайн-форматта өткізу	2020 жылғы I I жартыжылдық	отырыс хаттамасы	БҒМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	-	талап етілмейді
43	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған дөңгелек үстелдерді, конференцияларды, семинарларды оның ішінде онлайн-форматта өткізу	2020 жыл бойы	АҚДМ-ға ақпарат	БҒМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	талап етілмейді
	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған			"Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), облыстардың,	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін	

44	кәдесый өнімін өндіруді қамтамасыз ету	2020 жыл бойы	кәдесый өнімі	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	камтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша 8 000 мың теңге	республикалық бюджет
2. Ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары						
45	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын мерекелеуді жария ету жөніндегі медиа-жоспар әзірлеу	2019 жылғы желтоқсан	медиа-жоспар	АҚДМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	-	талап етілмейді
46	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын мерекелеу шеңберінде өткізілетін іс-шараларды ақпараттық қолдаумен қамтамасыз ету	2020 жыл бойы	БАҚ-та іс-шараларды жария ету	АҚДМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	талап етілмейді
47	Этномәдени бірлестіктердің Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған іс-шараларын ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету	2020 жыл бойы	БАҚ-та іс-шараларды жария ету	АҚДМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	талап етілмейді
48	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын Қазақстан халқы Ассамблеясы мультимедиялық порталында көрсетуді ұйымдастыру	2020 жыл бойы	материалдарды ҚХА сайтында жариялау	АҚДМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	-	талап етілмейді
49	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған кітапты басып шығару	2020 жыл бойы	АҚДМ-ге ақпарат	"Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша 7 000 мың теңге	республикалық бюджет
					001 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы	

50	"Қазақстан – достық мекені" мақаласын дайындау және оның республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз ету	2020 жылғы тамыз	мақала	А Қ Д М , "Рухани жаңғыру" қазақстандық қоғамдық даму институты (келісу бойынша)	мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 124 "Қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы іс-шараларды өткізу" кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	республикалық бюджет
51	Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының дамуы туралы роликтер шығару	2020 жылғы екінші жартыжылдық	бейнероликтер	"Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша), АҚДМ	001 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша 15 000 мың теңге	республикалық бюджет
52	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н.Ә. Назарбаев туралы деректі фильмдер циклін шығару	2020 жыл бойы	деректі фильмдер циклі	АҚДМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	003 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты өткізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде	республикалық бюджет
53	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған ақпараттық-анықтамалық материалдарды (брошюралар, буклеттер және т.б.) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығаруды қамтамасыз ету	2020 жыл бойы	материалдар шығару	"Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген қаражат шегінде	республикалық бюджет
3. Ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу іс-шаралары						
54	Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық кеңесінің Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған	2020 жыл бойы	АҚДМ-ға ақпарат	"Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты" ЖШС (келісу бойынша), "Қоғамдық	001 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бюджеттік	

	кеңейтілген отырысын онлайн-форматта өткізу			келісім" РММ (келісім бойынша)	бағдарламасы бойынша бөлінген қаражат шегінде	республикалық бюджет
55	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын ғылыми-сараптамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету	2020 жыл бойы	АҚДМ-ге ақпарат	БҒМ, МСМ, АҚДМ, МБА (келісу бойынша)	-	талап етілмейді
56	Этносаралық қатынастар, қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу	2020 жыл бойы	ғылыми зерттеулер	БҒМ	217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шеңберінде	республикалық бюджет
57	"Қазақстан халқы" интерактивті ғылыми тарихи картаны" жаңартуды және ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету	2020 жыл бойы	АҚДМ-ге ақпарат	Б Ғ М	0 0 1 "Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" 103 "Әлеуметтік, талдамалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету" кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша 20 000 мың теңге	республикалық бюджет
4. Халықаралық іс-шаралар						
58	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.					
	Шетелде Қазақстан Республикасы Парламенті					

59	депутаттарының, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің қатысуымен онлайн-форматта Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған дөңгелек үстелдер сериясын, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу	2020 жыл бойы	АҚДМ-ға ақпарат	СІМ, Қазақстан Республикасының Парламенті (- келісу бойынша)		т а л а п етілмейді
60	Этникалық топтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы және Қазақстан халқының әлеуметтік көңіл-күйі туралы шолу баяндама дайындау	2020 жыл бойы	әлеуметтік зерттеулер	АҚДМ, ҰЭМ	002 "Қоғамдық келісім саласында мемлекеттік саясатты іске асыру" бюджеттік бағдарламасы 1 0 0 "Этносаралық келісімді нығайту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру" кіші бағдарламасы бойынша 50 000 мың теңге	республикалық бюджет
5. Қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар						
61	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.					
62	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.					
63	"Тұңғыш Президенттің жолымен" халықтық экспедиция" жобасын іске асыру	2020 жыл бойы	АҚДМ-ге ақпарат	"Қоғамдық келісім" РММ (- келісу бойынша), СІМ, АҚДМ, БҒМ, МСМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша 21 000 мың теңге	республикалық бюджет
64	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.					
	Музейлерде Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған			М С М , облыстардың, Нұр-Сұлтан,		

65	экспозициялар мен көрмелерді онлайн-форматта ұйымдастыру	2020 жыл бойы	АҚДМ-ға ақпарат	Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	-	талап етілмейді
66	Қазақстан халқы Ассамблеясы 25 жылдығына арналған Кіші Алматы шатқалындағы тау шыңына көтерілуді ұйымдастыру	2020 жылғы шілде	АҚДМ-ге ақпарат	Алматы қаласының, Алматы облысының әкімдіктері, ПМ, "Қоғамдық келісім" РММ (келісу бойынша)	көзделген қаражат шегінде	жергілікті бюджеттер
67	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2021 № 341 қаулысымен.					
68	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына және Елбасының бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етудегі рөліне арналған фотокөрмелер өткізу	2020 жыл бойы	фотокөрмелер	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	көзделген қаражат шегінде	жергілікті бюджеттер
69	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған "Елбасы. Бірлік. Келісім" көрмесін өткізу	2020 жылғы II-III тоқсан	көрме	"Қоғамдық келісім" РММ (халқы келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	009 "Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша 7 500 мың теңге	республикалық бюджет
70	Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған этномәдени бірлестіктердің қатысуымен облыстық фестивальдар өткізу	2020 жыл бойы	АҚДМ-ге ақпарат	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	көзделген қаражат шегінде	жергілікті бюджеттер
71	Облыстық театрларда Қазақстан халқының бірлігіне, бейбітшілік пен келісім құндылықтарына арналған қойылымдар ұйымдастыру	2020 жыл бойы	АҚДМ-ге ақпарат	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	көзделген қаражат шегінде	жергілікті бюджеттер

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

- АҚ – акционерлік қоғам
АҚДМ – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Әділетмині	– Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
БҒМ	– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
БП	– Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕҚЫҰ	Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ЖС	– Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
КК	Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
ҚХАХ	– Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы
МСМ	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
МБА	Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
ПӘ	– Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
ПШ	– Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
СІМ	– Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ҰБ	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
ЦДИАӨМ	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ІІМ	– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ЭГТРМ	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
"Қоғамдық келісім" РММ	– Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі
"Қолданбалы этнояси зерттеулер институты" ЖШС	– "Қолданбалы этнояси зерттеулер институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі